

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы тау-кен металлургия кешені саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 490 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1992 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы тау-кен металлургия кешені саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық шарттың күшін жою жөніндегі ниеті туралы Ресей Федерациясының Үкіметін х а б а р д а р е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов